

2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

Жобаның атауы: Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту

ЖТН: AP19679946

Жобаның жалпы қаржысы: 36 270 933,5 теңге

Жоба жетекшісі: Исаев Мухтар Сеитханұлы, тарих ғылымдарының PhD докторы.

Тақырыптың өзектілігі: Тәуелсіз елімізде өткен тарихымызды түбегейлі зерделеп, тарихи сананы қалыптастыру мақсатында Отандық тарих ғылымының мазмұны бірнеше мемлекеттік бағдарламалар негізінде айтарлықтай толықты. Жинақталған тарихымызды болашақ ұрпаққа жеткізу міндеті әрдайым алдыңғы орынға қойылуда. Сондықтан, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызына байланысты «Қазақстан тарихын» оқытудың орны ерекше. Өйткені, кез-келген мемлекеттің азаматы өз халқының, мемлекетінің тарихын білуге міндетті. Бұл оның өз елін, тарихын, мәдениетін сүйе білуге үйретеді. Осы жағдайлар Қазақстан тарихын мектепте, мамандық беретін оқу орындарында оқытуды ғылыми-әдістемелік жағынан жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді.

Қазіргі кезде қоғамды ақпараттандыру мен цифрландыру кез-келген салада, солардың ішінде білім беру саласында да ерекше мәнге ие. Осы орайда, Қазақстан тарихын кеңінен таныту бағытында біршама жұмыстар жасалды. Тарихи археологиялық жәдігерлер, ескерткіштер, карталар, архив құжаттары мен ғылыми материалдарды, тест сұрақтарын қамтитын көптеген электронды, цифрлық интернет базалары жұмыс істеп тұр. Дегенмен, оларды еліміздің ЖОО-да ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен Қазақстан тарихын оқыту барысында пайдалану проблемалары бойынша арнайы зерттеулер жүргізілмеді. Зерттеулердің нәтижелерін талдау болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстан тарихын ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту әдістемесі бойынша оқу әдістемелік кешен (ОӘК) қазіргі заман талаптарына толық жауап бермейтіндігін көрсетті.

Тақырыптың мақсаты: Халықаралық білім беру бағдарламаларының жаңа талаптары мен ҚР білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын негізге ала отырып, болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту әдістемесін дамытудың инновациялық оқу моделін құру, ОӘК-ын зерттеу және әзірлеу.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

- Ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдалану арқылы материалдарды жеңіл меңгертетін, танымдық дағдыларын қалыптастыратын, өткенді білу белсенділігін ынталандыратын, тәрбиелік ықпал ететін «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесінің инновациялық моделі жасалды.

- болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихын» ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту әдістемесін дамыту бойынша материалдар қоры құрылды;

- «6B01615–Гуманитарлық пәндер (тарих) мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы білім алушыларына арналған «Қазақстан тарихынан» ақпараттық-цифрлық білім беру технологиялары негізінде жасалған аудио, бейне, иллюстрациялық ауызша-жазбаша жаттығулары бар ОӘК әзірленеді.

- 200 дана ОӘК баспа/электронды форматта басылып шығарылады;

- құрылған ОӘК-ға техникалық шарт әзірленеді, коммерциализациялауға ҒЖҒТҚН-ге даярланады, Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index немесе Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда 1 мақала және ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын отандық басылымда 6 мақала жарияланады, монография шығарылады, авторлық куәлік алынады.

Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Жобадағы қызметі
1	Исаев Мұхтар Сейтханұлы	57416816100	AAL-3908-2020	https://orcid.org/0000-0001-7107-3993	Жоба жетекшісі, Бас ғылыми қызметкер
2	Данияров Талғат Абубакирович	55865741800		https://orcid.org/0000-0002-9049-2410	Орындаушы. Жетекші ғылыми қызметкер.
3	Ортаев Бақтияр Тұрсынбаевич	56123638800		https://orcid.org/0000-0002-5982-8983	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
4	Жумадуллаева Айгүл Аязбаевна	57191093589		https://orcid.org/0000-0002-5982-8983	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
5	Динашева Ләззат Сәрсенбекқызы	57192089895		https://orcid.org/0000-0003-0831-4162	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
6	Шадинова Гүлзира Абиласанқызы	-		https://orcid.org/0000-0002-0518-422X	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
7	Апендиев Тимур Акимханович	57192888675		https://orcid.org/0000-0002-4279-3921	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
8	Сандыбаева Акмарал Даировна	57213165881		https://orcid.org/0000-0002-0518-4224	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
9	Ермаханов Бағлан Өмірзақұлы	57224456417		https://orcid.org/0000-0003-1203-2280	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
10	Аманов Ануарбек Нурсейтович	57937848000	GZL-2486-2022	https://doi.org/10.1007/s11227-022-04893-7	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.
11	Баймагамбетов Куанды к Нурхатович	-	-	-	Орындаушы. Ғылыми қызметкер.

2023/2024 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі

ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған отандық басылымдардағы жарияланымдар

1. Тарихты оқытуда ақпараттық-цифрлық технологиялар мен Internet желісін пайдалану мәселелері. М.С. Исаев, Т.А. Апендиев, Т.А. Данияров. ҚР ҰҒА хабаршысы (педагогика). - 2023. - №5, - Б.146-160.

2. Issayev M.S., Issayev A.I., Daniyarov T.A. The pedagogical potential of utilizing films in historical education. // Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, - 2024, - №4(410), - P. 232-243.

3. Issayev M.S., Apendiyev T.A. Information and digital technologies used in teaching history: features and advantages. // Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, - 2024, - №4(410), - P. 259-271.

Халықаралық конференция материалдары

1. «Қазақстан тарихын» ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқытудың өзектілігі. М.С. Исаев, Т.А. Данияров. «Заманауи ғылым, білім және технологиялар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. - 2023. - Б.144-150.

2. Жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихын» оқыту үдерісінің моделі. М.С. Исаев, Б.Т. Ортаев. «Заманауи ғылым, білім және технологиялар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы, - 2023. - Б.278-285.

3. Исаев М.С., Шадинова Г.А., Динашева Л.С. Виртуалды қолданбаларды тарихты оқытуда пайдалану. //«Заманауи білім беру: тәжірибе, проблемалар және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Алматы. – 2024, - Б.376-381.